

ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдеби-танымдық журнал

№ 3 (68)

НАУРЫЗ 2019



Әбдіжәміл
НҰРПЕЙІСОВ:
"ҚАЗАҚТЫҢ
ЧЕХОВЫ"
4-БЕТ

Қали СӘРСЕНБАЙ:
"ЖАЗУШЫНЫҢ
ЖҮРЕГІ"
16-БЕТ

Сүлеймен
ШАТҒАН:
"БҰЛТСЫЗ КҮНГІ
НАЙЗАҒАЙ"
12-БЕТ

Рахымжан
ОТАРБАЕВ:
"БАС" романы
72-БЕТ

Рахымжан ОТАРБАЕВ:

**«Сіздермен қанаттас өмір
сүргеніме бақыттымын»**



Азамат САТЫБАЛДЫ,

Ф.Мүсірепов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының директоры, актер, ҚР еңбек сіңірген қараткері,

РАХЫМЖАН ОТАРБАЕВТЕН ТАНЫС ҚЫЛҒАН ТАҒДЫРЫМА РИЗАМЫН

Рахимжан аға жайында таңды таңды асырып әңгіме айтуға болады. Ағамыздың «Біздің ауылдың амазонкалары» кітабын толық оқып шыққанмын. Дарынды прозашының керемет шығармаларын тоқтамай оқи бергін келеді. Одан бөлек драматург ретінде де көпшілікке өте жақсы таныс қаламгер. Драматургия үлкен шың болса, сол шыңда Рахимжан Отарбаевтың өзіндік қолтаңбасы бар. Мен ағамызбен «Бейбарыс Сұлтан» қойылымының барысында таныстым.

Бірде «Бейбарыс Сұлтан» қойылымын қойып жатқанымызда спектакль дұрыс жүрмеді. Декорация құлады. Сахнадағы перде де дұрыс ашылмады. Спектакль басынан аяғына дейін әйтеуір дұрыс болмады. Бәріміз кімнен көрерімізді білмейміз, кімге кінә тағарымызды білмейміз. Жүйкеміз тозып жүріп ойнап шықтық. Сол күні көңіл күйіміз болмай үйге қайттық. Ертеңіне Рахимжан ағаның дүниеден өткені туралы хабар келді. Тура сол спектакль жүріп жатқан кезде Рахимжан ағаны жедел жәрдеммен алып кетіп,



«Бейбарыс Сұлтан» спектаклінің қойылымында



Р.Отарбаев Асанәлі Әшімовпен бірге

ағамыз өлім мен өмір арасында арпалысқан сәт екен. Қаншалықты сәйкестік екенін білмеймін, бірақ перделердің өзінен-өзі жабылып кетуінде де, арттағы сахнадан әрлендірудің түсіп кетуінде де бір байланыс бар секілді көрінді. Рахымжан ағаның өліммен арпалысып жатқанын білдіргендей болды. Біз үшін өмірді қатты сүйетін адамның өмірге деген құшарлығы, белгісіз тылсым күш болып қала берді.

Ағамыздың «Мен жетіскенімнен жазушы болған жоқпын. Кез келген адам қолына ақ парақты алып жазушы бола алады. Сол ақ параққа өксігін құсады. Сол құсық елді бұзады. Мен ел бұзылмас үшін барынша ақ қағазды ластамауға тырысып, аманат арқалап жүрген адаммын» деген сөзі қатты ұнайды және жадымда жақсы сақталып қалды. Бәріміз аманат арқалап жүрген адамбыз. Дәл сол кісі секілді аманатқа қиянат жасамай жүруді парыз етіп келеміз.



Республикалық театрлар фестивалінің салтанатты жабылуында 2014жыл

Рахымжан аға мәрт, адамгершілігі мол, дүниетанымы кең кісі еді. Әлі де талай құнды дүние қаламынан төгілер ме еді?! Өкінішті, арамыздан ерте кетті. Ағамыздың «Бейбарыс Сұлтан» қойылымынан кейінгі аманаты ретінде тағы бір қойылымын көрерменге ұсындық. Мен Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрына басшы болып келгеннен кейін жақында ғана Рахымжан Отарбаевтың «Ғабит» қойылымы сахналанды. Менің басшылық қызметке тағайындалуыммен тұспа-тұс келіп, Рахымжан ағаға деген сағынышымды басқандай болдым. Өз басым Рахымжан ағамен өмірде де, өнерде де танысқаным, биік тұлғаның шығармасындағы басты кейіпкерді сомдағаным, образын сахнаға алып шыққаным үшін тағдырыма ризамын!



Театр саңлақтарымен бірге